ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ САРЫАҒАШ АУДАНЫ
САРЫАҒАШ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ
ШЕШІМІ

«14» шілде 2026 жыл №295

«Өнім берушіні таңдауды және мемлекеттік сатып алулар туралы шарт жасауды реттейтін, «Мемлекеттік сатып алулар туралы ҚР Заңы нормаларын қолданусыз Мемлекеттік сатып алу туралы»

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 16 бабының 3 тармағының 28) тармақшасының негізінде Өнім берушіні таңдауды және сонымен мемлекеттік сатып алулар туралы шарт жасауды реттейтін, Заң нормаларын қолданусыз «Аппараттың қызметін қамтамасыз ету» бағдарламасынан «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» бойынша мемлекеттік сатып алуларын жүзеге асырсын. Жеке кәсіпкер «Набиева А.Т» жеке кәсіпкерлігінің баға ұсыныстарын салыстыру нәтижесінде, Заңның 5 бабы 1 тармағының 1) тармақшасының негізінде, мемлекеттік сатып алулар үшін пайдаланылатын қаржыны, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде

ШЕШІМ ЕТЕМІН:

1. «Сарыағаш қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі ең төмен баға ұсынған, «Набиева А.Т.» жеке кәсіпкерлігімен 254 000 (екі жүз елу төрт мың) теңгеге келісім шарт жасалсын.
2. Мемлекеттік сатып алу ұйымдастырушысы «Сарыағаш қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің уәкілетті өкілі болып, Сарыағаш қаласы әкімінің көмекшісі Арыстанова Гульзат Муратовна белгіленсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Сарыағаш қаласы әкімінің орынбасары Б.Жолдасбековке жүктелсін.

Сарыағаш қаласының әкімі **А.Ешанқұл**

Әкім орынбасары:

Заңгер: